

АТЫРАУЛЫҚ БАЛЫҚШЫ МАМАНДАР СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Насиполла Армангүл Сатыбалдықызы Nasipollaeva222@gmail.com «Тарихшы зерттеуші» білім бағдарламасының 1 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор – Бердіғожин Л.Б.

Кеңес Одағы адамдарының бейбіт еңбек тынысын Ұлы Отан соғысы үзіп жіберді. Соғыстың алғашқы айларында-ақ фашистік Германияның Кеңес елінің өмірлік маңызы бар экономикалық аудандарды жаулап алуы, тылдағы облыстарға қосымша қиындықтар туғызды. Фашистік Германия басып алған аудандарда, соғысқа дейін еліміздегі халықтың 40 пайызы тұратын, бүкіл елімізде өндірілетін көмірдің 63 пайызын, шойынның 68 пайызын, болаттың 58 пайызын өндіруші еді. Осындай аса ауыр шақта барлық экономиканы, барлық жұмысты соғыс жағдайына сай қайта құру керек болды. 1941 жылдың 10 шілдесінде облыстық партия комитетінің бюросы және облыстық еңбекшілер кеңесі депутаттарының атқару комитеті «Жайық-Каспий» мемлекеттік балық тресінің 1941 жылдың екінші жартыжылдығына арналған міндеттері мен бірінші жартыжылдықтың орындалу барысы туралы» мәселе қаралып, қаулы қабылдады. Барлық балық өнеркәсібінің мекемелері мен ұжымшарлары жұмыстарын қайта құрып, «бейбіт кәсіпорындар болуы мүмкін емес, әрбір зауыт, әрбір мекеме соғыс қажетін қанағаттандыру үшін жұмыс жасауы керек» деп көрсетілді. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті 1941 жылы 6 қарашада қаулы алып, «КСРО балық өнеркәсібі халық комиссариатына қарасты Азов-Черноморск» және «Каспий», Қиыр Шығыс және «Солтүстік бассейндегі флоттар әскери жағдайда бо- луы керек» екендігін қаперге берді. Каспий бассейнінде Астрахан қаласында флотилия құрылды. Соғыс басталғаннан кейін облыстың транспорттық жүйесі өз жұмысын қайта жарақтандырып, сол жылдары Гурьев-Қандағаш (517 км) темір жолы, Жайық өзенімен Гурьев Орал кеме қатынасы (800 км) жолға қойылып, Каспий теңізі арқылы Астрахан қаласымен байланыс жасалған. Соғыс басталғаннан кейін екі айдан соң, Гурьев қаласындағы теңіз жолы агенствосының жұмыс ауқымы артып, Гурьев портын кеңейтуді қажет етті. 1941 жылдың 3-28 қыркүйек аралығында Астраханнан Гурьев қаласына 26175 адам және 5095 тонна жүк тасылып, қараша айында осы теңіз жолымен 31603 адам және 21185 тонна жүк қалаға әкелінді. 1942 жылы Гурьевтің теңіз жолының рөлі артты, себебі тылға ең жақын су жолы болатын, осы жол арқылы майданға қару-жарақ, азық-түлік, әскери бөлімдері аттандырылған. Аталған жол Орта Азия мен Қазақстанды Кавказбен байланыстырды. Міне, осындай жағдайларды ескерген КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1941 жылдың 25 желтоқсанында Пешной аралында Гурьев теңіз портының құрылысын салу жөнінде қаулы қабылдап, порт құрылысын салуды «Морстройға» жүктеді. Бұл порттың салынуындағы мақсат Гурьев портында ірі кемелерді кідіртпеу, Астрахан және Махачкала қалаларынан жер аударылып, көшірілген тұрғындарын, өнеркәсіп орындары жабдықтарын өлкеге жеткізу болды. Портта екі гавань (жел мен толқыннан қорғалған ықтасынды мүйіс, мұнда кемелер тоқтайды) салу көзделген, біріншісі құрғақ жүк тиеу үшін, екіншісі жанар май құюға арналған болатын. Порттың құрылысын салу тез уақытта жүзеге асып, соғыс жағдайына сай, Жайық-Каспий каналының түбін қазу жұмыстары қатар жүрген. Бұл жұмыстар өте қиын жағдайда жүрді. Жұмысшы қолы жетіспеді, ер адамдар соғысқа алынуына орай, өте ауыр жұмыстарды әйелдерге жасауға тура келді. Механизмдер мен құрал жабдықтар жетіспеді, қол еңбегінің үлесі көп болды. Еңбекшілердің қажырлы еңбегі нәтижесінде 1942 жылдың ортасында Жайық-Каспий каналының тереңдігі 120 сантиметрге жеткізіліп, ірі кемелердің жүруіне жағдай

жасалды. 1942 жылдың ортасында Гурьев рейдіне Астраханнан дебаркадер (баскеме) «Донбасс» көшіріліп, Астрахан теңіз рейдінің шұғыл аппаратының басшысы П.Н.Кубышин келді. Соңынан П.Н.Кубышин Гурьев рейдін басқарды. Неміс самолеттерінің бомбалауының күшеюіне орай, Қазан төңкерісінің 10 жылдығы атындағы зауыт Баутиноға көшіріліп, Астрахан теңіз агенствосы бүкіл флотымен Гурьевке көшірілген. 1942 жылдың 1 тамызында агентство құрамында 4 теңіз буксирі, 6 рейд баржылары, 16 «Волготанкер» буксирі және 22 өзендік баржылар болды. Міне, осындай шаралардың жүргізілуі барысында Гурьев теңіз портының жұмысшылары көшіп келген еңбекшілермен бірге Отанымызды жаудан қорғауда өздерінің сүбелі үлестерін қосты. Жайық-Каспий және Каспий аң-балық трестер жүйесінде флотилия базаларының басқармасы құрылды. Базалар құрамына кемелердің дивизиондары, отрядтары, топтары кірді. Базалар мен дивизиондарда комиссарлар, саяси жетекшілер институттары құрылды. Балық өнеркәсібіндегі мекемелердегі балықшылар, жұмысшылар және қызметкерлер арасында әскери тәртіп орнатылды. Әкімшілік қызметі жөнінен көп жағдайда саяси жетекшілерге, «нормаларын әдейі орындамайтындарды, еріншектер мен жағымпаздарды» жазалауға дейін шара қолдану құқы берілді. Әкімшілік шаралар жүргізіліп, ұжымшар мен кеңшарлардағы еңбек үрдісін әскери тәртіпке көшіру, әйелдер мен жасөспірімдерді жаппай еңбекке тарту, ауылдарда техниканың азаюы, еңбекке ақының дұрыс төленбеуі, ұжымшаршылардың малдарын күшпен тартып алуы, соғыс салықтарының енгізілуі, міне осының бәрі ауыл еңбекшілерінің тұрмыстық жағдайына өзіндік әсер еткенімен, еңбекшілер «Бәрі майдан, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен жұмыс жасап, қиындыққа шыдап бақты. 192 1941 жылы 30 маусымда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі және БКП (б) ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қаулысы негізінде, мемлекеттік қорғаныс Комитеті құрылды. Кеңес үкіметінің шақыруымен кеңес халқы өз Отанын қорғауға аттанып, өкімет орындары алдында барлық соғыс жағдайында атқарып, тыл еңбеккерлері жұмысын ұйымдастыру міндеті тұрды. Міне, осыған сәйкес 1942 жылы қаңтарда Қазақстан Орталық Комитетінің VI Пленумы «Бүкіл жұмысты әскери жағдайға бейімдеу барысы және қайта құру міндеттері туралы» қаулы қабылдады. Әскери уақытқа байланысты балық өнеркәсібінің кәсіпшіліктері өз жұмыстарын қайта құрды. Бұл Жайық-Каспий бассейндегі балық аулаудың жоспарларын бұрын орындау және асыра орындау үшін балықшылардың өзара еңбек жарыстарынан байқалды. Егер 1941 жылдың бірінші жартысында өндірістік жоспарды бірен-саран балық зауыты мен ұжымшарлар орындаса, ал үшінші тоқсанда мұндай жоспарды орындамаған бірде-бір мекеме, ұжымшар болған жоқ, көпшілігі жылдық жоспарды орындап шықты. Мәселен, Каспий аң- балық тресі жылдық жоспарды 1941 жылы 15 қарашада абыроймен артығымен орындап, трест елімізге жоспардан тыс 9187 центнер балық беріп, жылдық жоспар 110,7 пайызға орындалды. Трест құрамындағы төрт балық зауыты жылдық жоспарларын орындады. Мәселен, Баутино балық зауыты 106,9 пайызға, Ералиев балық зауыты - 110,8 пайызға, №1 жүзбелі зауыт 116,6 пайызға, Са- уран балық зауыты 104,2 пайызға, моторлы-балық станциясы 104,5 пайызға, балық аулау базасы – 100,8 пайызға артығымен орындаған. 1941 жылдың 1 тамызында ҚК (б) П Гурьев облыстық Комитетінің бюро отырысы «Қорғаныс қорын құрудағы еңбекшілердің бұқаралық патриоттық қозғалысын қолдауда партия ұйымдарының басшылығы туралы» қаулы қабылдады. Еліміздің бүкіл өмірі ең қысқа мерзімде соғыс жағдайына бейімделіп тез қайта құрыла бастады. Облыстағы іргелі кәсіпорындарының бірі Гурьев балық-құты комбинатындағы жұмыс соғыс жағдайына байланысты қайта құрылды. Жүздеген ер-азаматтар қолына қару алып, Отанымызды фашистік Германия басқыншыларынан қорғауға аттанды. Осындай ауыр кезеңде комбинат еңбекшілері кездескен қиыншылықтарды жеңе отырып, тәулік бойы үйлеріне бармай, аса зор жігермен еңбек етті. Балық өнеркәсібінің басшылығының тара-

пынан айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп, Ұлы Отан соғысының мәні және міндеттері жөнінде әңгіме, дәрістер оқылып, кеңес халқының бұл соғыстағы міндеттері жөнінде, социалистік жарысты кеңейту, стахановшылар қозғалысының дамуына ерекше көңіл бөлінді. Балық-құты комбинатында 1934 жылдан бері жұмыс жасаған, стахановшы А.Байжігітова былай деп сөз алып, соғыс жағдайында әрбір еңбекші әйелдері кәсіпорындары мен ұжымшарларда еңбек әнімділігін арттыру, елімізге сапалы өндіріс және тамақ өнімін мол өндіріп беру жолында жан аямай қызмет етіп жатқанын, өзінің фашистік Германияның біздің елімізге шабуыл жасауымен байланысты, өндірістегі еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыратындығын, балық кесудің жаңа техникасын қолданып, күндік жұмыс норма-сын 150 пайыздан орындап жүргенін айта келе, «бұл қарқынды алдағы уақытта бәсеңсітпей, өзіммен бірге балық кесу цехындағы істейтін барлық жұмысшы әйелдердің стахановша жұмыс жасауына көмектесемін» деп уәде беріп, балықшыларды жасампаз еңбекке шақырған. Елдегі ер азаматтардың майданға аттануына байланысты, еңбек вахтасында жұмыс күшінің жеткіліксіздігін көрген және отанымызға төнген қауіпті барынша сезінген әйелдер мен жасөспірім балалар комбинатқа жұмысқа келе бастады. Соғыстың алғашқы айларында- ақ комбинатқа үй шаруасындағы 60 әйел жұмысқа шыққан. Олар дайын өнімдерді вагонға тиеп, өндірістің аса күрделі де жауапты бөліктерінде болды. Комбинат жұмысшылары тәулік бойы еңбек вахтасында тұрып, күн сайын отанымыздың қорғаныс қорына қосымша 2-3 сағат еңбек етті. 193 Комбинат құрамындағы бастауыш партия ұйымы бұқаралық- саяси жұмысын соғыс жағдайына сәйкес қайта құрды. Өндірісте тікелей жұмыс істейтін коммунистердің барлығы бірдей дерлік күндік нормаларын үнемі артығымен орындап, жетекшілік рөл атқарды. Құты цехында жасайтын коммунист Қ.Ақжігітов 3 станокта жұмыс жасап, қыркүйек айының жоспарын 145 пайыз, қазан айының жо спарын 115 пайызға орындап, еңбек ерлігі үлгісін көрсетті. Осы цехтағы Аблемов та 3 станокта жұмыс істеп, қыркүйек айының жо спарын 127 пайызға, тоңазыту цехындағы Демесінов жоспарды 127 пайызға орындаған. Коммунистер өз ұжымдарында Ұлы Қазан мерекесі алдындағы социалистік жарысты бастап мерекені лайықты табыстармен қарсы алу, майдандағы Қызыл Армияға өнімді жеткілікті беру үшін күресті күшейтуге үндеу тастады. Міне, осындай шаралардың нәтижесінде комбинат 1941 жылдың үшінші тоқсанын 730,5 пайызға, 10 қарашаға дейінгі мерзімде жылдық жоспарлық тапсырманы 75,8 пайызға артық орындаған. Облыстық кеңестің атқару комитетінің 1941 жылдың 24 қарашасындағы №73 «Жаңадан құрылған ұлттық-әскери бөлімдерді май және балықпен қамтамасыз ету» туралы қаулысына сәйкес Жайық-Каспий тресінің бастығы Кузнецовқа Ақтөбе қаласына 25 тонна, Қостанай қаласына 20 тонна балықтарды жіберу жүктеліп, оны төмендегі аудандардың ұжымшарлары кері орнын толтыруы тиісті болды. Аталған жылы Отан қорына Теңіз ауданы балықшылары – 22 тонна, Новобогат ауданы – 4 тонна, Бақсай ауданы – 6 тонна, Шевченко ауданы – 8 тонна, Гурьев қаласы – 5 тонна балық тапсыр- ды. Сонымен бірге, қалалық атқару комитеті Алғабас ұжымшарына - 1 тонна, «Рақушаға» - 1 тонна, «Еркінқалаға» - 1 тонна, «Крас- ный морякқа» - 500 кг, «Үлкен көлге» - 500 кг, «Микоян» атындағы ұжымшарға 1 тонна балық өнімдерін Жайық-Каспий тресіне балық тапсыруды жүктеді. Ұлы Отан соғысының жылдарында Жайық-Каспий өңіріндегі еңбеккерлер өздерінің қажырлы еңбегімен майдандағы жауынгерлерге дем беріп, оларды үздіксіз азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз етіп отыруға зор үлес қосты. Облыс экономикасының маңызды салаларының бірі болып есептелетін балық өнеркәсібі, қаһарлы жылдарда қарыштай алға басты. 1941 жылдың 10 маусымында «Правда» газеті: «Енді бізде бейбіт кәсіпорындар болуы мүмкін емес, әрбір зауыт, әрбір фабрика соғыс қажетін қанағаттандыру үшін жұмыс жасауы керек» деп жазды. Ең қысқа мерзімде Атырау облысының кәсіпорындары соғыс жағдайына бейімделіп, тез қайта құрыла бастады. Ұлы

Отан соғысының бүкіл барысында майдан мен тылдың бірлігі айқын көрінді. Майдандағы жауынгерлер мен облыс еңбекшілерін балық және оның өнімдерімен қамтамасыз ету Каспий балықшыларынан бірқалыпты қарқынды жұмыс пен жоғары еңбек ұйымдастыруды талап етті. Осынау ел басына күн туған шақта майданға аттанған ерлердің орнын қыз-келіншектер, бала-шаға алмастырып, арқаға түскен ауыртпалықты қабақ шытпай көтере білді. Сол күндерді басынан өткізген балық өндірісінің ардагері Т.Мұсағалиевтің естелігінде «Теңіздің қаһары күзге қарай өршелене түсті. Қарасуық күндері қатты жел соққанда ауды құрып, жинаудың өзі тіптен қиын. Машина, механизм атаулы атымен жоқ. Жұмыс киімі жетіспейді. Ең қиыны қатты суықтарда аудың табанын белшеден суға ба- тып, аяқпен басу болатын. Міне осындай қиын жұмысқа соғыс жылдарында аушы әйелдер төзе білді» - деп жазған. Соғыстың алғашқы кезінде Республика балық өнеркәсібінің алыбы болып есептелетін балық-құты комбинатының жұмысшылары кездескен қиыншылықтарды жеңе отырып, аса зор жігермен еңбек етті. Балық өндірісінің майталманы, Социалистік Еңбек Ері Айнаш Байжігітова осы қаһарлы жылдарды еске ала отырып: «Әйтеуір балықты жас балалар мен қыздар бөшкемен тасып үлгеріп беріп тұрды. 194 Біздің міндет - балық кесу. Бұл бір асқан мұқияттылықты, оған қоса шапшаңдықты керек ететін кәсіп. Мен бұл жұмысты көптеген жасқа үйреттім. Олардың көрген бейнеті босқа кеткен жоқ. Ақыры маңдай тері, төккен бейнетінің зейнеті жеңіс сағатын жақындатты» - деп әңгімелейді. 1941-1943 жылдар аралығында Кеңес Одағының қорғаныс қорына облыс еңбекшілері өздерінің бір күндік еңбек ақыларын өткізді. Гурьев банкі қызметкерлері 2850 сом, Гурьев халыққа білім беру бөлімі мұғалімдерімен бірге 15794 сом, Гурьев қалалық сауда бөлімі 45377 сом, Гурьев аудандық партия комитеті 1562 сом ақшаларын жұмсады. Мемлекеттік Қорғаныс қорына Гурьев облысының балықшылары да өздерінің сүбелі үлесін қосты. Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресінің ұжымы 1941-1942 жылдары, 1943 жылдың бірінші тоқсанында бір күндік еңбек ақыларын қорғаныс қорына 18470 сом ақшамен және 64300 сом мемлекеттік әскери заем облигациясымен берген. 1941-1943 жылдары Баутино балық комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері Отанымыздың қорғаныс қорына мемлекеттік заем облигациясымен 3620 сом және бір күндік еңбек ақы 23332 сом ақша аударды. Гурьев моторлы балық аулау станция жұмысшылары мен қызметкерлері қорғаныс қорына бір күндік еңбек ақыларын 15346 сом, мемлекеттік аулау базасы - 35367 сом, Гурьев Балық Одағының ұжымы 2067 сом және Гурьев балық-құты комбинаты 41338 сом ақша аударды. Гурьев қаласындағы Микоян атындағы ұжымшардың комсомолдары 10 000 сомға, алдыңғы қатарлы комсомол мүшелері Дүйсембай Адамов, Бошан Досалиев, Мұқан Досымбаев тағы басқалары әрқайсысы 2300 сомның заемына жазылды. №11 жүзбелі балық зауытының ұжымы түгелімен екі айлық еңбек ақыларына жазылып, оны 5 айда өтеп болуға міндеттенді. Бүкіл ұжым 150 000 сомның заемына жазылды. В.Поляков, С.Баженов, М.Габдулиев жолдастар әрқайсысы 5 мың сомға жазылып, басқаларға үлгі көрсетті. Гурьев балықшы ұжымшар одағының ұжымы отан қорғау күшін нығайтуға өз қаржыларымен көмектесу мақсатында екі айлық еңбек ақыларына жазылды. Айлық еңбек ақы қоры 11275 сом болса, заемға жазылған сомма 230645 сомға жетті, яғни 210 пайыз. Бұның ішінде 2720 сом қолма-қол төленді. Үй шаруасындағы әйелдер 850 сомды қолма-қол төледі. Шевченко, Новобогат, Гурьев және Теңіз аудандары Отанымыздың қорғаныс қорына жоспардан асыра ауланған мыңдаған центнер балық берді. Тек Микоян атындағы Гурьев балық ұжымшары 1943 жылдың өзінде-ақ жоспардан тыс 36 мың пұт балық тапсырған. 1944 жылдың 1-тоқсанында 10 мың пұт, соғыс жылдарында Гурьев облысының балықшылары қорғаныс қорына 1 200 мың пұт балықты жоспардан тыс өткізген болатын. 1944 жылы Гурьев балық-құты зауытының жұмысшылары мен қызметкерлері сапалы балық өнімдерін шығаруға күш салып, бүкілодақтық социалистік жарысқа қосыла отырып, 1944 жылдың жоспарын 7

қарашаға орындау; 1-ші тоқсанның жоспарын 250 пайызға орындап, жоспардан тыс тоқсанның аяғында 5000 центнер балық өнімдерін тапсыру; 2-ші тоқсанның жоспарын 25 мамырға орындап, жоспардан тыс 3 000 центнер балық өнімін тапсыру міндеттемелерін алды. Ұлы Отан соғысы жылдарында балықшылар «Бәрі майдан үшін! Бәрі жеңіс үшін!» деген ұранмен нағыз ерлерше еңбек етті. Соғыс жылдарында облысымыздың балық өнеркәсібінде 63 балықшы ұжымшар, сегіз жүзбелі зауыт, Шортанбай балық зауыты, Баутино балық комбинаты, С.М.Киров атындағы мемлекеттік аулау базасы, Гурьев балық-құты комбинаты, Жайық-Каспий тресінің екі балық өңдеу зауыты және моторлы балық аулау станциялары жұмыс істеді. Олар өздерінің жанқиярлық еңбегімен жеңісті жақындата түсуге елеулі үлестерін қосты. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен ұжымшаршылар жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Мәселен, «Ново-лицевой» балық зауытының тартым меңгерушісі С. Қисықбасов, құты зауыты жұмысшылары Б.Құбиева, Т.Балағаева, балық кесушісі А.Жақсыбаева, т.б. күндік тапсырмаларды 180-235 пайызға артық орындады. Еңбек өнімділігінің артуы балық 195 өнеркәсібінде стахановшылдық қозғалыстың кеңінен өрістеуіне алып келіп, уақыт өткен сайын олардың саны арта түскен, мәселен, 1941 жылы 495 адам болса, 1945 жылы олардың саны 1759 адамға жеткен. Барлық балықшы-ұжымшарлар 1941-1945 жылдардағы өз жоспарларын ойдағыдай аяқтады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жайық-Каспий бассейнінің балықшылары мемлекетке 3 миллионға жуық центнер ысталған, кептірілген, дегдітілген және тоңазытылған балық өнімдерін, бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын, құтыларың, итбалық майын басқа да балық өнімдерін берді. Қорыта келе, соғысқа дейінгі кезде өлкедегі балық шаруашылығы ірі өндірістік кешенге айналды. Аталған саланы дамытуға арналған шаралар алынып, мамандар дайындау ісі жолға қойылған. Арнайы оқу орындары ашылып, Қазақстанның батыс өлкесі балық аулау және өңдеу кәсіпшіліктерінің жас мамандармен толықты. Балық шаруашылығын басқаруға арналған құрылымдық өзгерістер жүргізіліп, мекемелерде басқару орталықтандырылды. Алынған шаралар көп ұзамай өз нәтижесін беріп, Жайық-Каспий бассейндегі балық өнеркәсібі қарқынды дамып, шаруашылық-экономикалық көрсеткіштері өсіп, мамандармен толығып, балық аулау мен балық өнімдерін өңдеудің технологиясы арта түсті. Көп ұзамай-ақ, басталған соғыс балық шаруашылығының дамуына әсерін тигізіп, сала жұмысы соғыс жағдайына сай қайта құрылды. Соғыс жылдарында қарқынды жұмыс жасау үшін инфрақұрылым жасақталып, порттардың ауқымы кеңейтіліп, тылдағы балық аулау ауқымы өсті. Көптеген өндіріс орындары мен түрлі ұлт өкілдері эвакуацияға ұшырап, өлкемізге көшіріліп орналастырылды. Балық кәсіпшілігіндегі көптеген жұмыстар әйелдер күшімен атқарылды. Соғыс жағдайына сай қайта құрылған еліміздің балық кәсіпшілігіне қарасты мекемелер жемісті еңбек етті. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегінің арқасында, майданға күндіз-түні балық өнімдері жөнелтіліп, жеңіс сағатын жақындатуға облыс балықшылары өздерінің сүбелі үлесін қосты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Таиров М.Т. Рыбное хозяйство Казахской ССР и перспективы его Автореферат... к.и.н. – Алма-Ата, 1974. – 20 с. развитие // 2. Каженбаев С.К., Ньюжгиров А. Рыбная промышленность Казахстана /стат. справочник/ – Москва: Пищевая промышленность, 1968. – 175 с.; 3. Каженбаев С.К. Рыбное хозяйства Казахстана и проблемы повышения его эффективности. – Алма-Ата, 1987. – 173 с. 4. Ужкенов В.С. Каспий – край рыбацкой славы. – Алматы, 1987. – 183 с.